

## «Шәмші - әннің шынары»

Биыл вальстің королі атанған танымал композитор, «Ақ сұңқарым», «Қара көз», «Қайықта», «Ақ бантик», «Ақ маңдайлым» сияқты көптеген лирикалық әндердің авторы Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 85 жыл толады. Осы орайда 28 қаңтар күні №7 қалалық кітапханада қазақтың біртуар ұлына арналған «Шәмші – әннің шынары» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Осы кеште Шәмшінің «Арыс жағасында», «Ана туралы жыр», «Сыған серенадасы», «Ақ бантик», т.б. өлеңдері тыңдалып, әрбір әнінің шығу тарихынан сыр шертілді. Шара барысында «Шәмші – әннің шынары» атты кітап көрмесіне шолу жасалды. Шәмші әндері әуелеп, арнау өлеңдер оқылды. Шәмшінің көзін көрмесе де, оның әнін білмейтін қазақ, сірә, жоқ шығар. Өйткені әрбір жас Шәмшінің әнін құлағына сіңіріп өсті. Оның әндері тойдың да, мерекенің де сән-салтанатына айналды. Қазақтың біртуар ұлы 1991 жылы желтоқсан айында «Қазақстанның халық өртісі» атағын алды. Ал бүгінгі таңда оның «Менің Қазақстаным» әні Мемлекеттік әнұранға айналды.

**А.Сүлейменова, №7 қалалық кітапхананың кітапханашысы**